

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 тамыздағы № 505 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданды.

2. Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Махмұдұлы Қасымбекке 2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 15 тамыздағы
№ 505 қаулысымен
мақұлданған
Жоба

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі

2003 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 5-бабын басшылыққа ала отырып, төмендегілер туралы келісті:

Келісімге қосымшаға (бұдан әрі - қосымша) 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

2.	Тоқмақ автожолдық	Ш у облысы Ш у ауданы	Сарытөбе автожолдық	Жамбыл облысы Қордай ауданы	к ө п ж а қ т ы халық аралық	тәулік бойы
3.	Кең-Бұлын автожолдық	Ш у облысы Ыстық-ата ауданы	Аухатты автожолдық	Жамбыл облысы Қордай ауданы	к ө п ж а қ т ы халық- аралық	тәулік бойы

Қосымшаның 7-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

7.	Шалдыбар автожолдық	Ш у облысы Панфилов ауданы	Сыпатай Батыр автожолдық	Жамбыл облысы Мерке ауданы	к ө п ж а қ т ы халық- аралық	тәулік бойы
----	---------------------	-------------------------------	--------------------------	-------------------------------	-------------------------------------	-------------

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама Келісімнің қолданысы тоқтатылғанға дейін қолданылады.

20 ____ жылғы " ____ " _____ қаласында әрқайсысы қазақ, қырғыз және орыс тілдерінде екі данада жасалды әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

*Қырғыз Республикасының
Үкіметі үшін*